

**Шектеу іс-шараларын тоқтату және "Кеңсай ауылдық округінің Кеңсай ауылының "Саян" шаруа қожалығына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Зайсан ауданы Кеңсай ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 15 мамырдағы № 6 шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Кеңсай ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 10 қазандағы № 9 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 14 қазанда № 6198 болып тіркелді

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабының 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес және Зайсан ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2019 жылғы 02 қыркүйектегі № 223 ұсынысы негізінде Кеңсай ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ірі қара малдардың бруцеллез ауруының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеніне байланысты Зайсан ауданы Кеңсай ауылдық округінің Кеңсай ауылының "Саян" шаруа қожалығына шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Зайсан ауданы Кеңсай ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 15 мамырдағы "Кеңсай ауылдық округінің Кеңсай ауылының "Саян" шаруа қожалығына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2019 жылғы 16 мамырда № 5947 болып тіркелген, 2019 жылғы 22 мамырда "Достық" газетінде жарияланған және 2019 жылғы 24 мамырда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) № 6 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Кеңсай ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Зайсан ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Зайсан ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

*Кеңсай ауылдық округі әкімінің м.а.*

*Р. Ташаева*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК